

COVID-19 вакцинациясы бойынша медициналық қызметкерлерді оқыту

Модуль 1:

COVID-19 вакцинациясы бойынша оқытуға кіріспе





COVID-19 вакцинаторларын оқыту

- Бұл тренингтің мақсаты- медициналық жұмысшылар/вакцинаторларға COVID-19 вакцинациясы туралы негізгі ақпаратты беру.
- Оқыту 2020 жылдың желтоқсан айындағы ақпаратқа негізделген.*
- COVID-19 вакцинасының нақты сипаттамалары жайлы ақпараттар жаңа деректердің қосылуына байланысты «вакцина қалай әсер етеді» тарауында ұсынылады.

***Вакцина жайлы ақпарат тез ауысуып кетуі мүмкіндігін ескере отырып, ең соңғы ұсыныстарды алу үшін ДДҰ-ның веб-парақшасымен танысуларыңызды өтінеміз.**

Тренинг алты модульден яғни, видеолекциялар мен жүктелетін слайдтар жиынтығынан тұрады.

- Модуль 1: COVID-19 вакцинациясы бойынша оқытуға кіріспе (осы бөлім).
- Модуль 2: COVID-19 вакциналарын сақтау, өңдеу, жеткізу және қайта өңдеу.
- Модуль 3: COVID-19 вакцинациясы сеансын ұйымдастыру.
- Модуль 4: COVID-19-ға қарсы вакцинация кезіндегі иммунизациядан кейінгі қолайсыз көрсеткіштерді (ИКҚК) бақылау.
- Модуль 5: COVID-19 вакцинациясын тіркеу мен бақылау
- Модуль 6: COVID-19-ға қарсы вакцинация жөнінде қоғамдастықпен байланыс орнату.

Оқу жиынтығында COVID-19 вакцинациясына арналған жаңа және/немесе ерекше ақпараттар «Жаңа»  белгісімен белгіленеді. Қазіргі уақытта өңдеу үстіндегі ресурстар «Жақында болады»  белгісімен белгіленеді.

SARS-CoV-2 және COVID-19 коронавирустары дегеніміз не?

COVID-19 туралы көбірек білу үшін OpenWHO COVID-19 арнасын қараңыз:

<https://openwho.org/channels/covid-19>

- Коронавирустар дегеніміз қарапайым тұмау, таяушығыстық респираторлық синдром және Ауыр жедел респираторлы синдром сияқты аурулардың кең спектрін қоздыратын үлкен вирустар тұқымдасы.
- **SARS-CoV-2 - бұл коронавирустың жаңа штаммы.**
- SARS-CoV-2 инфекциясымен шақырылған ауру коронавирустық ауру немесе COVID-19 деп аталады.
- COVID-19 симптомдары әр түрлі болуы мүмкін. Жалпы белгілері: жеңіл қызба, жөтел, әлсіздік, ендікпе және миалгия (бұлшықеттің ауруы).
- COVID-19-бен жасына және денсаулық жағдайына қарамастан кез келген адам ауруы мүмкін. Ең үлкен қауіпке 60 жастан асқан және қосалқы аурулары бар адамдар ұшырайды.
- COVID-19 асқынулары ауыр ауруларды шақырып, өлімге әкелуі мүмкін.
- **COVID-19 вакцинасы COVID-19-дан қорғануда маңызды мағынаға ие болады.**

COVID-19 вакцинациясы

- COVID-19 вакцинациясы үшін өзіңіздің ұлттық/аймақтық нұсқаулыққа және мақсатты топтың ұсыныстарына жүгінуіңізді өтінеміз
 - Бұл ұсыныстар сіздің иммунизация бойынша ұлттық техникалық кеңес беру тобымен немесе ДДҰ иммунизация бойынша Стратегиялық кеңес беру тобы эксперттерімен (СКТЭ) жасалған ғаламдық нұсқаулық негізіндегі эквивалентті атауымен жасалған.
- COVID-19 вакцинасын бастапқы қамтамасыз ету шектеулі болады.
 - COVID-19 вакцинасымен қамтамасыз ету шектеулі болған жағдайда әлеуметтік деңгейде инфекцияның таралуын болдырмау үшін бір ғана вакцинация жеткіліксіз болады.
 - Бетперде кию мен әлеуметтік ара қашықтық сияқты қоғамдық денсаулық сақтау мен әлеуметтік шараларды қолдануды жалғастыру керек.
- Вакцинацияға дейін, уақытында және кейін де инфекцияның алдын алу мен оған қарсы күрес үшін стандартты қауіпсіздік шараларын сақтауды жалғастыру маңызды.

Негізгі ойлардың қысқаша мазмұны

1. Бұл оқу жиынтығы медициналық жұмыскерлерге COVID-19 вакцинациясына жаңа және ерекше болып табылатын жалпы шолуды ұсынуға арналған.
2. Екіншіден, COVID-19 вакцинасы COVID-19-дан қорғану үшін маңызды мағынаға ие, егерде барлығы қорғалмаса, ешкім де бұл пандемиядан құтыла алмайды.
3. Ұлттық және/немесе аймақтық нұсқаулықтар мен ұсыныстарды ұстанатыңызға көз жеткізіңіз.